#АХМЕТ ЖҰБАНОВ – 120 ЖЫЛ

САЗ ӘЛЕМІНІҢ САРДАРЫ

Серік ҚҰСАНБАЕВ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік күнтізбесінде ерекше атап өтілетін мерейлі даталар бар. Солардың бірі – биыл туғанына 120 жыл болатын қазақ музыкасының майталманы, саз өнерінің сардары атанған ұлы композитор, музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов.



Дүниеге жүз жылда бір келетін тума талант Ахаңның өмірі мен өнері, қазақ мәдениеті мен музыкасына сіңірген өлшеусіз еңбектерін айтпас бұрын, осы мақаланың авторы ретінде «Мен Ахмет Жұбановты қашан және қалай таныдым?» деген сауалға жауап бере кетуді жөн санадым.

БІЗДІҢ ХАЛЫҚ ӨТКЕНІН ҰМЫТПАЙДЫ

Біз білім алған Зайсан қаласындағы М.Әуезов мектебінің 6-7 сыныбында оқып жүрген кезімізде физика пәнінің мұғалімі Шаймарбек Ибраев деген домбырашы ағамыздың ұйымдастыруымен қазақтың халық аспаптарынан құралған домбыра оркестрі болды. Құрамында әр түрлі музыкалық аспаптарда ойнайтын қырықтан астам өнерпаз оқушысы бар сол оркестрдің құрамында мектеп бітіргенше өнер көрсетіп, шамамен он шақты күй үйренген едім. Осы жылдарда оркестріміздің жетістіктері де жеміссіз болған жоқ. Аудандық мектептер арасындағы байқаудың жеңімпазы атанып Өскемен қаласында өткен облыстық конкурсқа, кейінірек жеке концертімізбен де облыс орталығына келіп өнер көрсеткеніміз есімде.

Айтайын дегенім, соңғы оныншы сыныпқа енді келген кезіміз. Бірде Шаймарбек ұстазымыз әдеттегідей амандық-саулықтан соң: – Бүгін біз атақты композитор, Ахмет Жұбановтың «Би» күйін үйренуді бастаймыз, – деді.

Солай деді де өзіне тән қалыптасқан қағидасына сүйеніп, бірден күйді үйретіп кетпей, әуелі Ахмет Жұбанов жайлы, ол кісінің қанша күйі бар, музыка саласына қосқан үлесі қандай, жеке отбасы, жалпы өмірбаяны жайында жан-жақты мағлұмат бере келіп, аталмыш күйді үйретуін бастаған болатын.

Ахмет Жұбановтың осы «Би» күйі 1980 жылдың наурыз айында Өскеменде өткен ауданаралық өнерпаздар байқауында біздің өнер ұжымына үлкен олжа салған туынды болды. Мұны сол кездерде оркестр құрамында болған, сондай-ақ, сол концертті тамашалаған жандар жоққа шығармайды. Тыңдаған адамның делебесін қоздырып, бойына күш-жігер беретін ерекше екпінді, бірнеше сағадан тұратын сұлу күй болатын. Сахнаға шықпасам да, кей күндері домбырамды қолыма алып өзім білетін күйлерді бірінен соң бірін тартқанда алғашқы күйлерімнің бірі болып орындалатын ғажап туынды.

Ұлы композитордың бұдан да басқа ғажап туындылары баршылық. Ол туындыларын түгендеуді, музыка саласына сіңірген орасан еңбегі жайлы сөз реті келгенде айта жатармыз. Әуелі газет оқырмандарына саз сардарының қай өңірде, қандай отбасында дүние есігін ашқандығы жайында, өнер атты ұлы өлкеге қандай жолмен келгендігі, отбасы мен жеке өмірі жайлы қысқаша мағлұмат бере кеткенді жөн санадық.

Қазіргі интернет ресурстарының қарыштап дамыған кезеңінде кез келген адам жайлы мәлімет алу соншалықты қиын емес екендігін білесіздер. Ал, қазақтың біртуар композиторы жайлы түрлі мағлұматтар тіптен көп болып шықты. Мұны «Солай болуы – заңдылық» деп білуіміз керек.

Олай дейтініміз қазақ – тарихта болған батырлары мен ақындарын да, сазгерлері мен әнші, күйші, жырауларын да бір сәтке ұмытқан емес, ұмытпайды да. Қайта біртуар тұлғалары мен дарынды ұл-қыздарын уақыт өткен сайын әспеттеп, асқақтатып ел болып, жұрт болып құрмет көрсететін халық.

Содан да болар, биылғы жылқы жылы аталып өтетін мерейлі даталардың басында қазақ музыкасын зерттеуші ғалым, композитор, қазақтың тұңғыш дирижері, Қазақстанның халық әртісі Ахмет Жұбановтың қасқайып тұруы.

ӨНЕРГЕ ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҚ

Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1906 жылы 29 сәуірде Ақтөбе облысы, Темір ауданына қарасты Ақжар деген шағын ғана ауылда дүниеге келген. Ахметтің әкесі Қуан ақсақал балаларын оқытуды армандайды. Осы ниетпен Темір уезіне берілген екі мектептің бірін өз ауылында ашқызады.

1911 жылы Темір уезінде екі орыс мектебі ашылып, сол жылы оқу бітірген Құсайын есімді мұғалім уезге келеді. Ол тағдырдың жазуымен Жұбановтар отбасымен бірге тұрады. Құсайынның домбыра мен скрипка, мондолин тартатын өнерімен қатар, аздап нотадан да хабары болған көрінеді. Осы аспаптың қайсысында ойнаса да, бес жасар Ахмет үнемі жас ұстаздың жанынан табылады екен.

Сөйткен Ахмет бес жастан асқан шағында әлгі аспаптардың бәрінде ойнай алатын болып үйреніп алады. Дирижер өз естеліктерінде мектептегі ұстазының музыкаға деген құштарлығын арттырғанын айтады.

– Менің туып-өскен үйім – домбыра, ән, күй, жыр. Көркем әңгімені кәрі-жасына дейін қадірлейтін осындай ауылда өскен мен бес жасымда хат танып, домбыра тартып, өлең айтып, тақпақ жаттайтынмын. Ауылдың қақ ортасында суы мол үлкен құдық болатын. Кешке қарай салқын түскен соң ауыл адамдары құдықтың басына жиналып алып, ән, күй, жыр тыңдап, ақындар айтысын тамашалайтын. Әсіресе, күйге деген ықыласы ерекше-тұғын. Күй тартпайтын кәрі-жас, әйел, еркекті кездестірмейтінбіз, – дейді өз естелігінде композитор.

– Тағы бір есте қалғаны, ауылдастарым қуанышты да, қайғыны да өлең, жыр арқылы білдіретін. Сондықтан болар, маған сол кезде күллі қазақ даласы әуелетіп ән шырқап, күмбірлетіп күй тартып тұрғандай, жанымды ғажап әсерге бөлейтін. Әнші, күйші, жырау дегендерді ауыл адамдары пір тұтатын.

ЕРТЕ ЕСЕЙТКЕН ЖЫЛДАР

Ахметтің әкесі Қуан 1919 жылы қайтыс болып, он үш жасар Ахмет оқудан қол үзуге мәжбүр болады. Келесі жылы әкеден қалған аз ғана мал жұтап, үй ішінің бар ауыртпалығы жетім баланың басына түседі...

Уақыт бір орнында тұра ма?! 1924 жылы оң-солын тани бастаған бозбала Ахмет ауыл комсомолына мүшелікке өтеді. Осы жылы ауылда ашылған «Шамшырақ» оқу үйінің меңгерушісі болып тағайындалады да, ауыл мәдениетін дамытуға қызу араласады. Сол жылдары киноға барғанда дыбыссыз фильмді сүйемелдеп тұрған скрипкашымен танысады. Қарт музыкант жас жігітті ілтипатпен қарсы алады. Осыдан соң кәсіби білім алу үшін Ленинградқа оқуға түседі.

– Әкем 1932 жылы оқуын бітіріп, аспирантураға түсті. Бірақ осы кезде біздің үкімет хат жазып, училище ашылып, елімізде музыка мамандарының жетіспей жатқандығын айтып, елге шақырды, – дейді Ажар Ахметқызы.

Ахмет Жұбанов 1933 жылы Алматы музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке келеді. Осы кезден бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін ол қазақтың музыкалық мәдениеті жолында қызмет етті.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

1934 жылы бір топ домбырашының басын қосып, қазақ ұлт аспаптар оркестрінің негізін қалайды. Сол оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі дирижері болған Жұбанов өзі құрған оркестрге Құрманғазының атын береді.

1936 жылы алғаш Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне, кейін 1949 жылы өткен екінші онкүндікте де Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі үлкен абыройға ие болады.

1936 жылы композитордың «Музыка әліппесі» атты тырнақалды кітапшасы жарық көріп, 1945-1951 жылдары ол Алматы консерваториясының ректоры, 1954-1961 жылдары осы консерваториядағы өзі ашқан халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі болып, қазақ халық музыкасының тарихынан, дирижерлік өнер мен аспаптану пәнінен сабақ береді.

1938 жылдан бастап Ахмет Жұбанов композиторлық жұмыспен айналыса бастайды. Жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» драмасына, Мұхтар Әуезовтің «Абай» спектакліне, «Амангелді» кинофильміне музыка жазады. Камералық шығармалардың ішінде «Қазақтың жеті биі», «Тәжіктің он биі» сияқты фортепианоға арналған, «Ария», «Көктем», «Жезкиік», «Романс» сияқты қобызға арналған шығармаларының қазақ өнерінде алатын орны ерекше.

Ахмет Жұбановтың композиторлық шығармаларының көрнектілері Латиф Хамидимен бірлесіп жазған «Абай» (1944 жылы) және «Төлеген Тоқтаров» (1947 жылы) опералары, қызы Ғазиза Жұбанова аяқтаған «Құрманғазы» (1970 жылы) операсы.

Қазақстан тарихындағы алғашқы дыбысты фильм «Амангелді» фильміне Михаил Гнесин мен Ахмет Жұбанов музыкасын жазады.

1968 жылы «Замана бұлбұлы» атты кітабы үшін Ахмет Жұбанов Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болады.

Жұбановтар әулеті дарын қонған отбасы. Сөзімізге Ахмет атамыздың өнер саласындағы тұңғыш академик болғаны, бауыры Құдайбергеннің қазақ тіл білімі саласын зерттеген профессор екені дәлел. Ахметтің қызы Ғазиза Жұбанова қазақ әйелдерінің ішінен шыққан алғашқы кәсіби композитор, жиені Алан Бөрібаев дарынды дирижер.

Ахмет Жұбанов 1968 жылы 62 жасында дүниеден өткеннен кейін еліміздің көрнекті қайраткерлері мен өнер иелері жерленетін Алматы қаласының орталық зиратында жерленген.

Қайсар мінез бен қарымды қалам иесі

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
«DIDAR» архивінен

Биылғы сәуірде Шығыс Қазақстан өңірінің журналистикасында айшықты қолтаңбасы қалыптасқан, облыстық «DIDAR» (бұрынғы «Коммунизм туы») газетінде табан аудармай қырық жыл қызмет еткен қарымды қаламгер Ғафура Сәрсенбайқызы 70 жасқа толды. Бұл – тек бір адамның мерейтойы ғана емес, қазақ баспасөзінің тұтастай бір кезеңіне куә болған қызықты да тағдырлы өмір жолының мерейлі белесі. Қаламгер әрі қоғам қайраткері Тәуелсіз Қазақстандағы әйел журналистер буынының көрнекті өкілі ретінде танылып, ұлттық БАҚ арқылы ел руханияты мен мәдениетін дамытуға еселі үлес қосқан тұлға.

Ғафура Сәрсенбайқызы 1956 жылдың сәуір айында Ұлан ауданында дүниеге келді. Болашақ журналистің еңбек жолы да ерте басталды. Ол мектеп бітірісімен редакция табалдырығын 1974 жылы аттап, ғұмырының қырық жылын осы қасиетті қара шаңыраққа арнады. Қатардағы тілшіліктен бастап, аға тілші, бірнеше бөлімдерге жетекшілік етуі, бас басылымның кәсіподақ ұйымын ұзақ жылдар басқаруы, 2014 жылы абыроймен зейнет жасына шықса да, күні бүгінге дейін қолынан қаламын тастамай келе жатқаны – оның еңбекқорлығы мен табандылығының, кәсібіне деген адалдығының айқын дәлелі.

РЕДАКЦИЯҒА ӨЗІНЕН БҰРЫН ӨЛЕҢДЕРІ ЖЕТТІ

Мерейтой иесінің шығармашылық жолы журналистикадан бұрын поэзиядан басталды. Ол мектеп қабырғасында жүріп-ақ өз қиялы мен сезімін өлеңмен өрнектеп, «Коммунизм туы» редакциясына жолдап тұрды. Жас талаптың тырнақалды туындылары сол кездегі газет бетінде жарық көріп, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Жас ақынның өлеңдері ұжым ішінде де ерекше назар аудартты. Сол кездегі Шығысқа белгілі қаламгерлер – Серік Ғабдуллин, Мүсілім Құмарбеков, Тұрғазы Нұқаев сынды ағалары оның болашағынан үлкен үміт күтті.

– Сол кездегі өлеңдері керемет болды, жақсы әсер етті. Ұжымның ақындары – Серік аға, Мүсілім аға, Тұрғазы аға – бәрі «мынау қандай бала екен, қай жердікі екен?» деп шығармашылығына қызығып, елең етті. Сөйтіп, ол бірден көзге түсті. Артынан үзбей өлеңдерін жіберіп, олар жарияланып тұрды. Біраздан кейін мектепті бітіріп, 1974 жылы жұмысқа орналасты. Арада біраз жылдар өткенде, республикалық баспадан «Бес қоңырау» деген атпен талантты жас ақындардың топтамасы шықты. Бес бірдей ақынның жинағы. Соған бір топ өлеңдерімен тағы да жарқ ете түсті. Сөйтіп, бәрімізді қуантты, – дейді бүгінде өзі де сексенді алқымдап қалған әріптес әрі жерлес әпкесі, «DIDAR» ардагері Ғалия Омарханова.

Ғалия Қасымқызы өзі атап өткендей, осылайша, Ғафура Сәрсенбайқызымен редакцияның ішкі-сыртқы жұмыстарында қоян-қолтық араласып, қанаттасып, қырық жылдың көлемінде бірге еңбек етеді.

– Мен оны тәжірибелі, майталман журналист ретінде ғана емес, адами қасиеттерін де жоғары бағалаймын. Журналистік қырларын бірге жүрген әріптестер өздерің жақсы білесіңдер. Адамға жақсылық жасауда, қамқорлық танытуда бауырмалдығы ерекше. Үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсету секілді қасиеттер Ғафураның бойында бар. Өзім ғана білсем демейді, өзгелер де білсе екен деп, білгенін таратып, айтып жүреді. Редакцияға оның қаламгерлік жолы ең бірінші ақындықтан басталды. Егер ақындықты ары қарай тереңдетіп қуғанда, Ғафурадан мықты ақын шығар еді. Әттең, газет жұмысымен жүріп, ақындығы көрінбей қалды. Өлеңдері өте тамаша. Сол кездің өзінде күрделі ұйқасқа барды. Фаризаға еліктеді ме, білмеймін, бірақ ұйқастары өте күрделі болды, ал ондай өлең оңай құрастырылмайды ғой. Өзімен қатарлас адамдарға да, үлкендерге де жақсы серік, ақылшы, қамқоршы бола білді. Мен Ғафураны өзімнің тілекшім, ниеттесім деп білемін,– дейді Ғалия Қасымқызы.

Замандас әріптері мерейтой иесінің өлеңдері терең ойымен, күрделі ұйқасымен, нәзік лирикасымен ерекшеленгенін, өлеңдерінің «Жазушы» баспасынан шыққан «Бес қоңырау» жинағына енгені – оның ақындық қабілетінің жоғары бағаланғанының айғағы екенін айтады.

– Поэзияға деген талпынысы зор болғанымен, ол өмір жолын журналистикамен тығыз байланыстырып, қаламын қырық жыл бойы қоғамдық мәселелерді көтеруге арнады. Дегенмен, оның ақындық болмысы жазған әр мақаласынан сезіліп тұрды, – дейді әріптестері.

ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАРҚЫН ЖЫЛДАР

Ғафура Сәрсенбайқызы редакциядағы ондаған жыл журналистік қызметінде тек кәсіби біліктілігімен ғана емес, адамгершілік қасиеттерімен де ерекшеленді. Ол редакцияның ішкі-сыртқы жұмыстарына белсене араласып, аға буынмен де, кейінгі толқын әріптестерімен де иық тіресе еңбек етті. Бір ұжымда қырық жыл үздіксіз қызмет ету – сирек кездесетін жайт. Бұл оның кәсіби мамандығына тұрақтылығы мен ұжымға деген адалдығын көрсетсе керек.

Әріптестері оны майталман журналист, сөздің майын тамызатын шебер қаламгер, дарынды ақын ретінде бағалайды. Оның қаламынан туған сан жылдың бедеріндегі өзекті мақалалары, салиқалы сұхбаттары, эсселері мен көлемді очерктері мазмұн тереңдігімен, тіл көркемдігімен ерекшеленді. Соның ішінде белгілі сазгер туралы жазылған «Ғұмыр» атты эссесі мен жерлес жазушы Оралхан Бөкей өмірінің соңғы күндерінен жазған әсерлі жазбасы оқырман жүрегінен жылы орын алды.

– Мен «DIDAR» газетіне 1977 жылы келгенде, Ғафура бұл ұжымда үш жылдай еңбек етіп қойған екен. Ол кісі 1974 жылы келіпті. Содан бері бір ұжымда бірге жұмыс істедік. Ғафура – көпшіл, ортасына ұйытқы бола білетін адам. Мінезі тура, ойын бүкпей айтатын, әділ, ер мінезді, батыл, өжет жан. Кейбіреулер оның алдында артық сөз айтып қоям ба деп именіп жүретін. Сонымен қатар, Ғафура өте жақсы әнші, музыкаға бейімі зор. Қазіргі түрлі музыкалық жобаларда сахнаға шығып жүрген кейбір орындаушылардан оның дауысы да, ән айту шеберлігі де әлдеқайда жоғары дер едім. Дауысы ашық, сөзі анық, диапазоны кең. Әсіресе, халық әндерін ерекше нақышпен орындайды. Әсіресе, жұртшылық оның орындауындағы «Сары бидай» әнін арнайы сұрап, орындатып жатады, – дейді облыстық газеттің ардагер редакторларының бірі, жазушы-ғалым Айтмұханбет Қасымов.

Ардагер қаламгер айтқандай, бірде Алматыда өткен курсқа республиканың әр өңірінен келген журналистер жиналады. Сол жерде әрқайсысы өнер көрсеткенде, Ғафура апайымыз халық әні «Сары бидайды» нақышына келтіре шырқап, көпшілікті тәнті етеді. Тіпті, кейін сол журналистер бас қосқан сайын, Шығыстағы қаламгер-әншіден осы әнді орындауды өтініп сұрайтын болған екен.

Тәуелсіздік алып, заман өзгерген егемендіктің алғашқы жылдарында Ғафура Сәрсенбайқызы газеттің әлеуметтік тақырыптарын тұрақты әрі жиі қаузайтын, оқырманмен тікелей қарым-қатынас орнатқан, оқырман хаты дегеніңіз күнделікті жауған қардай түсіп жататын мәдениет, әлеумет, руханият секілді бөлімдерін үлкен жауапкершілікпен басқарды. Шығармашылықтың жарқын да даңғыл, кемеліне толысқан шағы болды бұл жылдар.

Елуді еңсеріп, алпысқа қарай бет түзеген жылдары Ғафура Сәрсенбайқызы біраз жыл меншікті тілшілер бөлімін басқарды. Ол кезде «DIDAR» газеті аптасына үш мәрте шығып тұратын, оның бірі – қалың «DIDAR», таралымы да көп. Әр ауданда, атап айтсақ, Тарбағатай, Үржар, Күршім, Катонқарағай, Зайсан, Самар, Аягөз, Жарма аудандарында және Семей қаласында тілшілер қосыны жұмыс істеді. Газет күнделікті шығып тұрғандықтан, материалдардың басым бөлігі осы аймақтағы тілшілерден келетін. Сондықтан редакцияда нақты тәртіп болатын – бөлімдер тілшілерге тапсырманы тікелей емес, тек Ғафура Сәрсенбайқызы арқылы жеткізетін. Ол осы жұмыстың бәрін үйлестіріп, жоғары деңгейде ұйымдастыра білді. Тілшілермен де, бөлімдермен де тіл табысып, тапсырмалардың сапалы орындалуын қамтамасыз етті. Ұйымдастырушылық қабілеті, талапшылдығы мен жауапкершілігі оны білікті бөлім басшысы ретінде жақсы қырынан танытты.

ЖАС ТІЛШІЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Ғафура Сәрсенбайқызы – тек журналист қана емес, көптеген жас мамандардың ұстазы. Ол өз білгенін жасырып қалмай, кейінгі буынға үйретуден жалықпады. Жас тілшілердің алғашқы қадамдарын қолдап, олардың шығармаларына бағыт-бағдар беріп отырды. Қалам иесінің «осыны оқыңдар, мынаны біліңдер» деп үнемі ізденіске шақырып отыруы – нағыз ұстазға тән қасиет. Сондықтан жастардың оған үйір болуы да тегін емес. Ол әрдайым ақыл-кеңесін аямай, олардың кәсіби қалыптасуына үлес қосты.

Ұжым ішінде де оның беделі жоғары болды. Үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсету – оның болмысына тән қасиеттер. Әріптестері үшін ол тек қызметтес емес, сенімді дос, ақылшы, тілекші жан болды. Ол әрдайым шындықты ту етіп, журналистік принциптерінен айнымаған емес. Сондықтан да әріптестері күні бүгінге дейін оны ерекше құрмет тұтады.

– Ардақты Ғафура Сәрсенбайқызының көптен күткен жетпіс жасы да келіп жетті. Өкінішке қарай, Құдай қосқан жары Кенже бұл күнге жете алмай кетті. Тағдырдың жазғаны шығар. Бірақ қос қанаты – ұлдары Нұржан мен Диас, келіндері мен немерелері бар. Солардың амандығын тілеймін. Солар барда бәрі де жақсы болады. Екеуміз редакцияға мен 1972 жылы, ол 1974 жылы келді. Бүкіл саналы ғұмырымыз бір ғана мекемеде – облыстық «DIDAR» газетінде (бұрынғы «Коммунизм туы») өтті. Осы газеттің ыстығына күйіп, суығына тоңдық. Бірге қуанып, бірге мұңайдық. Екеуміздің еңбек кітапшамызда бір ғана жазба бар – ол «DIDAR» газеті. Ғафураның өзіне тән ер мінезі бар. Сол үшін де әрдайым құрметтеп келемін. Жетпіске келдім деп шаршамасын. Денсаулығы мықты болып, балаларымен бақытты ғұмыр кешіп, немерелерінің қызығын көрсін, – деп тілегін білдіреді облыстық газетте қырық жылдай корректор болып қызмет еткен ардагеріміз Мәрзия Зәйтенова.

АРНАУ

Құтты болсын Ғафеке,
70 атты белесің!
Тірлік дейтін теңізде,
Еркін жүзген кемесің.
Тіршілігің өнеге,
Өз-өзіңе сенесің.
Тілшілігің бір төбе,
Қалам алсаң қолыңа,
Желмаядай желесің.
Қарасөздің жауһарын,
Маржандай ғып тересің.
Ұлдарыңа Анасың,
Келіндерге енесің.
Керек жерде әрқашан,
Кеңесінді бересің.
80-90 алдында,
Пешенеңе жазылса,
Ол жасқа да келесің.
Кенжекең жоқ қасында,
Бұл да – тағдыр сынағы,
Амал қанша, көнесің.
Ең бастысы – аман бол!
Аман болсаң әлі де,
Не қызықты көресің!

Серік Құсанбаев

АБЫРОЙЫҢЫЗ АСҚАҚ БОЛСЫН!

Бүгінде Ғафура Сәрсенбайқызы – екі ұлдан төрт немере сүйіп отырған ардақты әже. Үлкен ұлы Нұржан анасының жолын қуып, журналистика мамандығын таңдады. Өкінішке қарай, өмірлік жары Кенже Ғалымұлы бұл мерейтойға жете алмады. Былтыр күзде өзінің жетпісін туыстар мен балалардың ортасында тойлап, енді міне апайдың 70 жасын тойлаймыз деп тосып жүргенде, жыл басында екі күн ғана ауырып, бақи дүниеге аттанып кете барды. Әйтпегенде, екінші жетпісті де дүркіретіп тойлар едік. Тағдырға амал қайсы... Өзекті өкініш өртесе де, орнында бар оңалар дегенді жиі еске алып, медет тұтамыз. Артында ізін жалғар ұрпағы барына шүкір дейміз.

Қырық жыл табан аудармай бір ғана ұжымда еңбек ету – үлкен ерлікпен тең іс. Бұл – өз ісіне деген адалдықтың, табандылықтың, шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі.

– Құрметті Ғафура Сәрсенбайқызы! Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілейміз. Сіздің еңбек жолыңыз – кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, шаттық пен қуанышқа толы өмір сүре беріңіз. Қаламыңыз мұқалмасын, абыройыңыз әрдайым асқақ болсын!, – деген ұжымыңыздың тілегін жеткізе отырып, өзіңізбен руханият бөлімінде біраз жыл бірге істеген, Алашқа белгілі айтыскер ініңіз Серік Құсанбаевтың жүрек жарды жырымен жазбамызды қорытындыласақ дейміз.